

Бекітемін  
«Сырдария» университетінің ректоры  
Т.ғ.к., доцент С.Д. Мамраимов  
29 сәуір 2020 жыл



## САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

### УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-07-20

### ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ

#### АЛҒЫ СӨЗ

1. Оқу-әдістемелік басқармасымен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – Оқу-әдістемелік басқарма басшысы, с.ғ.к., доцент Р.С. Тәжітаева  
– Оқу-әдістемелік басқарма басшысының орынбасары, ғылым магистрі З.М.Оралова  
– ЖОО кейінгі білім беру бөлімінің басшысы Б.С. Токмурзаев
3. Келісілді –  
– Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлім басшысы А.А. Алтыбаева
4. «Сырдария» университеті Ғылыми кеңесінің 29 сәуір 2020 № 10 мәжілісінде талқыланып мақұлданды
5. Енгізілді – 2020
6. Тексерілу мерзімі – 2021

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Жетісай, 2020

«Сырдария» университеті		УЕ-07-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	3-нұсқа
Қорытынды аттестаттау		30 беттің 2-беті

## **1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

2.1 Осы ереже “Сырдария” университетінде білім алушыны қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру (ары қарай – СУ) іс-әрекеттерінде қолдануға және басшылыққа алуға арналған.

2.2 Осы ереже университеттің СМЖ II деңгейдегі құжаттарының құрамына кіреді.

## **2 СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР**

Ережені даярлау барысында келесі нормативтік-құқықтық құжаттар пайдаланылды:

2.1 Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы 27 шілде № 319-ІІІҚРЗ 2007жыл.

2.2 Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17669 болып тіркелді.

2.3 Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 12.10.2018 № 563 бұйрығымен бекітілген).

2.4 Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесі. ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (ҚР БҒМ 2010.04.13 №168, 2010.11.1 №506, 2011.03.16 №94, 2013.11.04. №445 бұйрығымен берілген өзгерістер мен толықтырулар).

## **3 ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ЖӘНЕ ӨТКІЗУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

### **3.1 Бакалавриатта білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізудің тәртібі**

3.1.1 Университет қорытынды аттестаттау өткізу нысанын дербес айқындайды, оның ұзақтығы мен мерзімі академиялық күнтізбемен және мамандықтардың жұмыс оқу жоспарымен қарастырылған.

3.1.2 Қорытынды аттестаттау 12 академиялық кредитті немесе жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының жалпы көлемінен кемінде 5%-ды құрайды және дипломдық жұмыс (жоба) жазу және қорғау түрінде немесе кешенді емтиханға дайындалу және тапсыру түрінде жүргізіледі.

Бұл ретте, кешенді емтихан бағдарламасы жоғары білімнің білім беру бағдарламасына сәйкес еңбек нарығы қалыптастыратын интеграцияланған білім мен негізгі құзыреттілікті көрсетеді.

3.1.3 Білім алушылар дипломдық жұмыс (жоба) жазудың орнына мынадай негіздер бойынша екі кешенді емтихан тапсыра алады:

- 1) денсаулығына байланысты стационарда ұзақ ем алу;
- 2) екі жасқа толғанға дейінгі бала тәрбиелеу;
- 3) науқас ата-аналарына қарау.

Бұл ретте білім алушылар ЖОО басшысының атына өтініш жазады және тиісті құжатты ұсынады.

Дипломдық жұмыс (жоба) жазуды қосымша кешенді емтихан тапсыруға ауыстыруға рұқсат етілмейді.

3.1.4 Кешенді емтихан тапсыру нысаны – ауызша, жазбаша, компьютерлік тестілеу, шығармашылық.

3.1.5 Қашықтықтан оқыту форматында ауызша, жазбаша, компьютерлік тестілеу түрлерін өткізу процедурасы:

- Ауызша емтиханды өткізу Zoom, Webex Meetings платформалары арқылы өткізіледі. Ауызша емтиханның басталу уақытынан материалдың көлеміне байланысты тапсырылатын уақыты 3 сағаттан аспауы қажет;

«Сырдария» университеті		УЕ-07-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	3-нұсқа
Қорытынды аттестаттау		30 беттің 3-беті

- Жазбаша емтихан «Platonus» ААЖ-нде өткізіледі. Жазбаша емтиханның басталу уақытынан материалдың көлеміне байланысты тапсырылатын уақыты 3 сағаттан аспауы қажет;

- Компьютерлік тестілеу «Platonus» ААЖ-нде өткізіледі. Емтихан кестесіне сәйкес білім алушы сол күнгі болатын емтиханды басталу уақытында тапсыру керек. Тапсыру уақыты 40 минут.

- Шығармашылық емтиханды өткізу Zoom, Webex Meetings платформалары арқылы өткізіледі. Емтиханның басталу уақытынан материалдың көлеміне байланысты тапсырылатын уақыты 3 сағаттан аспауы қажет.

3.1.6 Екі кешенді емтихан пәндерінің тізбесі бітіртуші кафедра шығарған қолдау хатының негізінде Ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі.

3.1.7 Қорытынды аттестаттауға жұмыс және жеке оқу жоспары мен жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес білім алу процесін толық аяқтаған студенттер жіберіледі. Білім алу процесі аяқталуының негізгі өлшемі болып студенттердің жоғары білім беру бағдарламаларына арналған МЖМБС талаптарына сәйкес келетін оқытудың теориялық курсы мен кәсіби іс-тәжірибелердің қажетті көлемін меңгеруі саналады.

Бітіруші курстың студенті жұмыс және жеке оқу жоспары талаптарын және оқу жұмыс бағдарламасын орындамаса жазғы семестрден өткізілместен оқу курсына қайта оқуға қалдырылады.

3.1.8 Университет ректоры ҚР БҒМ мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттарға (диплом және қосымша) ағымдағы жылғы **1-қазанға** дейін күтілетін бітірушілер саны бойынша өтінім ұсынады.

3.1.9 Студенттерді қорытынды аттестаттау үшін барлық оқу нысандары үшін әр білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі – ҚАК) құрылады.

3.1.10 Студенттерді қорытынды аттестаттауға жіберу студенттердің тізімі бойынша қорытынды аттестаттауға дейін **2 аптадан** кешіктірілмей факультет деканының өкімімен рәсімделіп, ҚАК-қа ұсынылады.

3.1.11 Студенттерді қорытынды аттестаттау басталғанға дейін ҚАК-қа факультет деканының студенттің жеке оқу жоспарын орындағаны туралы, оның барлық пәндер бойынша алған бағалары, олардың көлемі, тапсырған курстық жұмыстары, кәсіби іс-тәжірибелердің түрлері мен GPA оқыту кезеңіндегі орта салмақ баға өлшемдері көрсетілген анықтамасы ұсынылады.

3.1.12 Университет ректоры осы жоғары оқу орындарында жұмыс істемейтін, ғылыми және академиялық дәрежелері бар профессорлар, доценттер мен оқытушылар арасынан, орта мектептің тәжірибелі мұғалімдерінен, бітіретін білім беру бағдарламаларының бейініне сәйкес келетін өндірістегі жоғары білікті мамандардан ҚАК төрағаларының кандидатураларын тағандайды.

ҚАК құрамына оның мүшелері құқығымен: факультет деканы немесе бітіртуші кафедраның меңгерушісі кіреді.

ҚАК-тың басқа мүшелері бітіруші мамандардың тиісті бейініне сәйкес келетін профессорлардан, доценттерден, жоғары білікті мамандардан құрылады.

ҚАК сандық құрамын мамандық бойынша бітіріп шығатын студенттердің контингентіне сәйкес жоғары оқу орны өз бетінше белгілейді және университет ректорының бұйрығымен жыл сайын **10 қаңтардан** кешіктірмей бекітеді және ол күнтізбелік жыл бойына әрекет етеді.

3.1.13 ҚАК жұмысының кестесін Тіркеу офисі құрады, жұмыс кестесін университет басшысы бекітеді және мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысы басталуына дейін **екі аптадан** кешіктірмей көпшіліктің назарына жеткізіледі.

3.1.14 ҚАК отырысының ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспауы тиіс. Осыған байланысты, күніне бір кешенді емтиханды тапсыруға 12-15 адам, ал дипломдық жұмысты қорғауға 7-10 адам жіберіледі.

Білім беру бағдарламалары бойынша тестілеу нысанында кешенді емтиханды тапсыру кезінде академиялық лекке (немесе топқа) өткізіледі.

«Сырдария» университеті		УЕ-07-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	3-нұсқа
Қорытынды аттестаттау		30 беттің 4-беті

3.1.15 Диплом жұмысы қорғалуына дейін **бес күннен** кешіктірілмей ҚАК-қа мынадай құжаттар ұсынылады:

1) диплом жұмысы ғылыми жетекшісінің «қорғауға жіберіледі» немесе «қорғауға жіберілмейді» деген дәлелденген қорытындысы бар пікірі;

2) диплом жұмысын қорғауға берілген жан-жақты мінездемесі және бағалар көрсетілген дәлелденген қорытындысы және тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» академиялық дәрежесін немесе біліктілігін беру туралы рецензия.

ҚАК-қа, сондай-ақ орындалған дипломдық жұмыстың ғылыми және іс-тәжірибелік құндылықтарын сипаттайтын басқа да материалдар, ресми емес пікірлер, диплом жұмысының (жобаның) бейіні бойынша іс-тәжірибелік қызметті жүзеге асыратын ұйымның жазбаша қорытындысы, ғылыми-зерттеу нәтижелерін енгізу анықтамалары немесе актілері, макеттер, минералдар үлгісі, гербарий және тағы басқа сол сияқты материалдарда ұсынылады.

3.1.16 Дипломдық жұмыстарды плагиаттық мәніне қатысты тексеру келісім шарт негізінде тиісті мекемелермен жүргізіледі.

3.1.17 Ғылыми жетекшісінің оң пікірі және қорғауға ұсынылатын жұмыс бейініне сай келетін маман тарапынан бір рецензиясы болғанда студент диплом жұмысын қорғауға шыға алады.

Егер ғылыми жетекші «қорғауға жіберілмейді» деген жағымсыз қорытынды берген жағдайда, білім алушы дипломдық жұмысты қорғай алмайды.

Білім алушы, рецензенттің оң қорытындысы сияқты, жағымсыз қорытындысы болған жағдайда да дипломдық жұмысты қорғауға жіберіледі.

3.1.18 Дипломдық жұмысты (жобаны) рецензиялау біліктілігі қорғалатын жұмыс бейініне сәйкес келетін басқа ұйымдардың мамандары тарапынан жүзеге асырылады.

3.1.19 Дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі университет басшысының бұйрығымен тақырыптың атауы көрсетіле отырып, әр студентке дербес бекітіледі.

Дипломдық жұмыстардың рецензенттері университет ректорының бұйрығымен жұмыс орны, лауазымы және білімі, білім беру бағдарламалары бойынша ғылыми немесе академиялық дәрежесі, жоғары білім туралы дипломы бойынша базалық білімі көрсетіліп бітіртуші кафедра меңгерушісінің ұсынысы бойынша жалпы тізіммен бекітіледі.

3.1.20 Кешенді емтихандар (бейінді пәндер немесе білім беру бағдарламалары бойынша) ауызша, жазбаша, олардың кәсіптік оқу бағдарламаларының көлемі бойынша тестілеу (кешенді тестілеу) нысандарында өткізіледі.

3.1.21 Білім беру бағдарламасы бойынша кешенді емтиханға енгізілген пәндердің оқу бағдарламалары негізінде университеттің әзірлеген бағдарламалары бойынша өткізіледі.

Білім беру бағдарламасы бойынша кешенді емтихан бағдарламасы университеттің ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

3.1.22 Бейіндік пәндер бойынша кешенді емтихандар үлгілік оқу бағдарламалары мен жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген оқу жұмыс бағдарламалары бойынша өткізіледі.

3.1.23 Университет кешенді емтиханның бағдарламасын, тест тапсырмаларын және олардың (ашық, жабық, біріктірілген) тест түрлерін, тестілеуді өткізу технологиясын өзі дербес әзірлейді және бекітеді.

3.1.24 Диплом жұмысын қорғау ҚАК-тың ашық отырысында оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысқан жағдайда қорғалады.

Бір дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау ұзақтығы ереже бойынша бір студентке 50 минуттан аспауы керек. Білім алушыға ҚАК алдында дипломдық жұмысы туралы баяндама жасау үшін 15 минут уақыт беріледі.

3.1.25 Кешенді емтихан мен диплом жұмысын (жобасын) қорғаудың нәтижелері бойынша студенттердің білімін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша баға қойылады. Бұл ретте білім алушының теориялық, ғылыми және іс-тәжірибелік дайындықтары, сондай-ақ ғылыми жетекшісі мен рецензенттің пікірлері назарға алынады.

«Сырдария» университеті		УЕ-07-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	3-нұсқа
Қорытынды аттестаттау		30 беттің 5-беті

3.1.26 Кешенді емтихан тапсыру және диплом жұмысын (жобасын) қорғаудың нәтижелері олар өткізілген күні ҚАК отырысының хаттамасына қол қойылған соң жарияланады.

3.1.27 ҚАК-тың барлық отырыстары хаттамамен рәсімделеді. ҚАК отырысының хаттамалары ҚАК жұмысы басталғанға дейін А4 форматында жеке кітапшада нөмірленіп, бумаланады және оқу-әдістемелік басқарманың мөрімен бекітіледі. ҚАК отырысының хаттамалары әр білім алушыға жеке толтырылады. Кешенді емтихан тест түрінде өткізілген жағдайда хаттама толтыруға емтихан ведомосы негіз болады.

Хаттаманы бітіртуші кафедра оқытушылары арасынан комиссия құрамына бекітілген ҚАК хатшысы толтырады.

Хаттамаға кешенді емтихандарда және диплом жұмысын (жобасын) қорғауда анықталған білімдердің бағалары енгізіледі, сондай-ақ берілген сұрақтар мен ҚАК мүшелерінің пікірлері жазылады. Егер ҚАК-тың бір мүшесінің пікірі комиссияның қалған мүшелерінің пікірлерімен сәйкес келмеген жағдайда, ол өз пікірін хаттамаға жазады және өзі қол қояды.

Хаттамада «бакалавр» дәрежесін немесе біліктілік беру, сондай-ақ студентке қандай диплом (үздік немесе үздік емес) берілетіні көрсетіледі.

3.1.28 Диплом жұмысын (жобасын) қорғау, кешенді емтихан бағалары туралы, сондай-ақ, дәреже тағайындау және біліктілік беру немесе/және мемлекеттік үлгідегі (үздік емес, үздік) диплом беру туралы шешім ҚАК мүшелерінің отырысына қатысушылардың көпшілік дауысымен жабық отырыста ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар саны тең болған жағдайда ҚАК төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

3.1.29 Хаттамаға ҚАК-тың төрағасы мен отырысқа қатысушы мүшелері қол қояды.

3.1.30 Қазақстан Республикасының «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» заңына сәйкес ҚАК-тың хаттамалары Университеттің мұрағатында сақталады.

3.1.31 Қорытынды аттестаттауға бекітілген кестеге сәйкес дәлелді себеппен келмеген студент ҚАК төрағасының атына өтініш жазады, дәлелді себепті растайтын құжатты ұсынады және оның рұқсатымен емтихан тапсырады немесе дипломдық жұмысты (жобаны) ҚАК-тың басқа отырысы болған күні қорғайды.

3.1.32 Студент қорытынды аттестаттаудың нәтижелерімен келіспесе, аттестаттау өткізілгеннен кейінгі жұмыс күннен кешіктірмей апелляция беруіне болады.

Апелляция өткізу үшін университет басшысының бұйрығымен біліктілігі аталған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін тәжірибелі оқытушылардан апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляция қанағаттанарлық болған жағдайда ҚАК мәжілісінің хаттамасы қайтадан ресімделеді. Мұндай жағдайда бірінші хаттамадағы қорытынды «Баға \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хаттамамен қайта қаралды \_\_\_\_\_ бет» деген жазумен өзгертіледі және оған ҚАК мүшелерінің бәрі қол қояды.

3.1.33 Денсаулық жағдайы туралы ҚАК-ға ұсынылған құжаттар қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін қарастырылмайды.

3.1.34 Бағаны жоғарылату мақсатында кешенді емтиханды қайта тапсыруға және дипломдық жұмысты (жобаны) қайта қорғауға рұқсат берілмейді.

3.1.35 «Қанағаттанарлықсыз» деген баға алған тұлғаларға кешенді емтихандарды қайта тапсыруға және/немесе диплом жұмысын қайта қорғауға, қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде рұқсат берілмейді.

3.1.36 Диплом жұмысын (жобасын) қорғау «қанағаттанарлықсыз» деп есептелген жағдайда, ҚАК сол жұмысты комиссия анықтаған пысықтаулармен қайтадан қорғауға ұсынуға немесе жаңа тақырыпты әзірлеуге мүмкіндік береді. ҚАК-ның бұл шешімі мәжіліс хаттамасына жазылады.

3.1.37 Қорытынды аттестаттаудан өтпеген тұлғалар бір жыл өткеннен кейін, қорытынды аттестаттау басталғанға дейін **екі аптадан** кешікпей, университет ректорының атына қайта қорытынды аттестаттауға жіберуге рұқсат беру туралы өтініш жазады.

Қорытынды аттестаттауға қайта жіберу университет ректоры бұйрығымен ресімделеді.

«Сырдария» университеті		УЕ-07-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	3-нұсқа
Қорытынды аттестаттау		30 беттің 6-беті

Қайта қорытынды аттестаттау алдыңғы қорытынды аттестаттаудан қанағаттанарлықсыз баға алған нысандар бойынша ғана өткізіледі.

Осы емтихандарды тапсырмаған тұлғалар үшін кешенді емтихандар қатарына енетін пәндер тізбесі білім алушы теориялық курсты аяқтаған жылы қолданыста болған оқу жоспарымен белгіленеді.

3.1.38 Қорытынды аттестаттау кезінде қанағаттанарлықсыз баға алған студенттер білімі аяқталмағандығы туралы анықтама беріле отырып, университет ректорының бұйрығымен оқудан шығарылады.

3.1.39 Жоғары білімнің білім беру бағдарламасы бойынша оқуын аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан табысты өткен тұлғаларға «бакалавр» дәрежесі және (немесе) тиісті біліктілік беріледі және жоғары білім туралы диплом қосымшасымен (транскрипт) бірге тегін беріледі.

3.1.40 ЖОО бітіруші түлекке дипломға жалпыеуропалық қосымшаны (Diploma Supplement (диплома саплэмент)) тегін береді.

Мемлекеттік үлгідегі дипломды қосымшасымен бірге беру білім беру ұйымы басшысының бітіру туралы бұйрығының негізінде жүзеге асырылады.

Бітіру туралы бұйрықты студенттерді қорытынды аттестаттау аяқталған күннен бастап **он күн мерзімнен** кешіктірмей ҚАК төрағасының ұсынысы негізінде университет ректоры бекітеді.

Университет ректоры Тіркеу офісімен келісу бойынша факультет деканының ұсынысы негізінде қорытынды аттестаттаудан өтпеген білім алушыларды оқудан шығару туралы бұйрықты бекітеді.

3.1.41 Дипломға қосымша студенттің жеке оқу жоспарын орындағаны туралы анықтама негізінде, мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім стандарттарымен қарастырылған көлемде оның барлық пәндер бойынша алған бағаларына сәйкес тапсырылған курстық жұмыстар (жобалар), іс-тәжірибе мен қорытынды аттестаттау нәтижелерінің түрлері негізінде толтырылады.

Диплом қосымшасына әр оқу пәні бойынша көлемі кредит және академиялық сағат түрінде көрсетілген балдық-рейтингтік әріптік білім бағалау жүйесі бойынша соңғы бағалар жазылады.

3.1.42 Емтихандарды А, А – "өте жақсы", В-, В, В+, С+ "жақсы" деген бағаға тапсырған және оқытудың барлық кезеңіндегі үлгерімінің орта балы 3,5-тен төмен емес, сондай-ақ кешенді емтихан немесе диплом жұмысын (жобасын) А, А – "өте жақсы" деген бағаға тапсырған жоғары білім беру бағдарламасы бойынша оқыған білім алушыға үздік диплом (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағасын ескермегенде) беріледі.

3.1.43 Оқу кезеңінде емтихандарды қайта немесе қайталап тапсыру жағдайы болған студент үздік диплом алу құқығынан айырылады.

3.1.44 ҚАК-тың жұмысы аяқталғаннан кейін оның төрағасы есеп жазады және **екі апта мерзім ішінде** оны университет ректорына тапсырады. ҚАК төрағасының есебі университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады және бекітіледі.

3.1.45 Студенттерді қорытынды аттестаттау аяқталғаннан кейін университет **бір ай мерзім ішінде** ҚР БҒМ кешенді емтихан мен дипломдық жұмысты қорғау нәтижелерін ұсынады.

3.1.46 ҚАК төрағасының есебіне кесте мен түсіндірме жазба кіреді.

Кестеде келтірілген көрсеткіштер көрініс табады.

ҚАК төрағасы есебінің түсіндірме жазбасында төмендегілер көрсетіледі:

- 1) университетте осы білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлаудың деңгейі;
- 2) диплом жұмысының саны ішінде кәсіпорындардың, ұйымдардың тапсырысы бойынша орындалған диплом жұмыстарының орындалу сапасы;
- 3) диплом жұмысы тақырыптарының қазіргі заманғы ғылымның, техниканың, мәдениеттің жай-күйіне және өндірістің талабына сәйкестігі;
- 4) білім алушылардың кешенді емтихандарда анықталған білімдерінің сипаты, жекелеген пәндер бойынша мамандар даярлаудағы кемшіліктер;
- 5) осы білім беру бағдарламасы бойынша кадрлар даярлаудың сапасына талдау;
- 6) университетте мамандар даярлауды одан әрі жетілдіру жөнінде нақты ұсынымдар.

«Сырдария» университеті		УЕ-07-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	3-нұсқа
Қорытынды аттестаттау		30 беттің 7-беті

3.1.47 ҚАК төрағасының есебіне жоғары білім бағдарламасын оқып бітірген, білім ұйымының басшысы қол қойып, берілген дипломның нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты университет бітірушілерінің тізімі көрсетіледі.

### **3.2 Магистратурада білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізудің тәртібі**

3.2.1 Магистратура білім алушыларды қорытынды аттестаттау МЖБС магистрлік диссертация (жоба) қорғау түрінде өткізіледі.

3.2.2 Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың ұзақтығы мен мерзімі академиялық күнтізбеге және білім беру бағдарламаларының жұмыс оқу жоспарларына сәйкес белгіленеді.

3.2.3 Қорытынды аттестаттауға білім беру бағдарламаларының, жұмыс және жеке оқу жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларының талаптарына сәйкес оқу үдерісін толық аяқтаған білім алушылар ғана жіберіледі.

3.2.4 Бітіруші курстың білім алушылары жұмыс және жеке оқу жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларының талаптарын орындамаса жазғы семестрден өткізілместен оқу курсына қайта оқуға қалдырылады.

3.2.5 Магистратура білім алушылары магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау үшін білім беру бағдарламалары бойынша ҚАК құрады.

3.2.6 ҚАК төрағасы мен құрамы ЖОО ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ағымдық оқу жылының 10 қаңтарынан кешіктірілмей ЖОО басшысының бұйрығымен бекітіледі және ағымдық күнтізбелік жыл бойы қолданыста болады.

3.2.7 Магистратура білім беру бағдарламалары бойынша ҚАК төрағалығына ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар, немесе философия (PhD) докторы немесе бейіні бойынша доктор бітіруші мамандардың тиісті бейініне сәйкес келетін және осы ұйымда жұмыс жасамайтын тұлға тағайындалады. Профессорлардан, доценттерден, жоғары білікті мамандардан құрылады.

3.2.8 ҚАК мүшелері құрамына мыналар кіреді:

- магистратура білім беру бағдарламалары бойынша - шығаратын мамандарының бейініне сәйкес келетін ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы немесе академиялық дәрежесі бар тұлғалар;
- бейіндік магистратура үшін шығаратын мамандарының бейініне сәйкес келетін білікті мамандар-тәжірибелік қызметкерлер;

3.2.9 ҚАК-тың сандық құрамын университет дербес анықтайды.

3.2.10 Магистратурада білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мен ұйымдастыру тәртібін және ҚАК мәжілісінің рәсімдерін университеттің академиялық саясатына сәйкес және «Магистрлік диссертация (жоба) туралы» УЕ-15-19 университет ережесімен айқындалады.

3.2.11 ҚАК жұмысының кестесін ЖОО кейінгі білім бөлімімен келісе отырып Тіркеу офісі құрады, жұмыс кестесін университет ректоры бекітеді және ҚАК жұмысы басталуына дейін екі аптадан кешіктірілмей көпшіліктің назарына жеткізіледі.

3.2.12 Магистранттар қорытынды аттестаттауға жіберу университет бұйрығымен тізім бойынша бекітіліп ҚАК-қа тапсырылады.

3.2.13 Теориялық білімді толық аяқтаған магистрант магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға жіберіледі.

3.2.14 Магистратура білім беру бағдарламалары магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға жіберу туралы ҚАК төрағасының ұсынуы және бітіруші кафедра меңгерушісінің қолы қойылған магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау туралы кафедра отырысы шешімінен көшірмесі және ЖОО кейінгі білім бөлімі басшысының ұсынысы негізінде университет басшысының бұйрығымен рәсімделеді.

3.2.15 Магистрант диссертация (жоба) тақырыбы бойынша ғылыми басылымдарда, журналдарда, немесе халықаралық немесе республикалық ғылыми конференцияларда жарияланған кемінде бір мақаласы бар болған жағдайда қорғауға жіберіледі.

«Сырдария» университеті		УЕ-07-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	3-нұсқа
Қорытынды аттестаттау		30 беттің 8-беті

3.2.16 Магистрлік диссертацияларды (жобаларды) университетте өз бетінше плагиат мәніне қатысты тексеруден өткізеді.

Магистрлік диссертация (жоба) «АНТИПЛАГИАТ» жүйесі негізінде жазба жұмыстардың өзіндік орындалуын қамтамасыз ету» УЕ-49-19 университет ережесіне сәйкес жүргізіледі.

3.2.17 Магистрлік диссертацияның (жобаның) ғылыми жетекшісі университеттің ғылыми кеңесінің шешімі негізінде университет ректорының бұйрығымен тақырыптың атауы көрсетіле отырып, әр магистрантқа дербес бекітіледі.

3.2.18 Магистрлік диссертация (жоба) бойынша басқа ұйымдардан ғылым докторы немесе ғылым кандидаты, немесе қорғалатын магистрлік диссертацияның (жобаның) бейіні бойынша PhD доктор дәрежесі бар рецензент тағайындалады.

Білім беру бағдарламасын шығарушы кафедра меңгерушісі ресми рецензентті тағайындау туралы негіздемесімен, оның жұмыс орны, атқаратын қызметі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және қорғалатын магистрлік диссертацияның (жобаның) бейіні бойынша жариялымдары (3 жұмыстан кем емес) Ғылыми кеңеске ұсынады. Ғылыми кеңестің шешімі негізінде «Сырдария» университеті ректорының бұйрығымен ресми рецензенттер тізімі бекітіледі. Рецензент Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының мүшесі, магистранттың ғылыми жетекшісі және университеттің қызметкері болмауы тиіс.

3.2.19 «Сырдария» университетінің білім беру бағдарламасын шығарушы кафедра ЖОО кейінгі білім бөліміне мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысы басталардан 20 күн алдын мынандай магистрлік диссертацияға (жобаға) қатысты төмендегі құжаттарды тапсырады:

- аяқталған магистрлік диссертация (жоба);
- диссертация (жоба) тақырыбының бекітілгені туралы ғылыми кеңес шешімінің көшірмесі;
- магистранттың ғылыми жетекшісінің пікірі;
- ресми рецензенттің магистрлік диссертацияға берген рецензиясы;
- магистрлік диссертацияның (жобаның) авторефераты/аңдатпасы;
- белгілі тәртіпте бекітілген ғылыми еңбектер тізімі (ғалым хатшысы қол қойылған) және жариялымдардың көшірмесі;
- плагиат жүйесінде тексеруден өткені туралы анықтама.

5.13.9. ЖОО кейінгі білім бөлімі келесі шешімдердің біреуін көрсетіп білім беру бағдарламалары бойынша бекітілген нысанда жазбаша қорытынды шығарыды:

- 1) диссертацияны (жобаны) қорғауға ұсынылады;
- 2) диссертация (жоба) қорғауға ұсынылмайды.

ЖОО кейінгі білім бөлімі басшысының қорытындысы негізінде магистрант қорытынды аттестаттауға жіберіледі.

3.2.20 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғаудың нәтижелері бойынша білім алушының теориялық, ғылыми және практикалық дайындықтарын, сондай-ақ ғылыми жетекшісі мен рецензенттің пікірлерін назарға ала отырып, білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша баға қойылады.

3.2.21 Магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан табысты өткен тұлғаларға «магистр» дәрежесі (Қосымша 3) және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом қосымшасымен (транскрипт) бірге тегін беріледі. Университет бітірушіге дипломға жалпыеуропалық қосымшаны (Diploma Supplement (диплома саплемент)) тегін береді.

3.2.22 Транскрипте барлық оқу пәні, тапсырылған курстық жұмыстар (жобалар), ғылыми-зерттеу немесе эксперименталды-зерттеу жұмыстары, кәсіптік тәжірибе түрлері, қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша көлемі кредит және академиялық сағат түрінде көрсетілген балдық-рейтингтік әріптік білім бағалау жүйесі бойынша соңғы бағалар жазылады.

3.2.23 ҚАК-тың жұмысы аяқталған күннен кейін оның төрағасы магистранттарды қорытынды аттестаттау жөнінде есеп жазады және бір ай мерзім ішінде университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады және бекітіледі.



«Сырдария» университеті		УЕ-07-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	3-нұсқа
Қорытынды аттестаттау		30 беттің 9-беті

3.2.24 Магистрлік диссертация (жоба) бойынша ҚАК теріс шешім шығарған жағдайда қайта қорғау ақылы негізде келесі оқу жылында болуы мүмкін. Бұл ретте, жұмыс жоғарыда аталған ескертпелерді ескере отырып, жазылып шығуы тиіс.

3.2.25 Магистрант қорғауға дәлелді себептер бойынша келмеген жағдайда қорғауды кейінгі мерзімге ауыстыру (бір жылдан артық емес) туралы шешімді ҚАК қабылдайды.

3.2.26 ҚАК төрағасының магистранттарды қорытынды аттестаттау жөніндегі есебіне осы Қағидалардың 4-қосымшасында келтірілген кестелер мен түсіндірме жазба енеді.

Түсіндірме жазбада мыналар көрініс табады:

- 1) аталған білім беру бағдарламасы бойынша магистрлардың дайындық деңгейлері;
- 2) магистрлік диссертацияларды (жобаларды) орындаудың сапасы;
- 4) магистрлік диссертация (жоба) тақырыбының ғылымның, техниканың, мәдениеттің қазіргі жай-күйіне және өндірістің сұранысына сәйкестігі;
- 5) аталған білім беру бағдарламасы бойынша магистрларды даярлау сапасына талдау;
- 6) магистрларды даярлаудағы кемшіліктер;
- 7) магистрлік диссертацияларды (жобаларды) қорғау деңгейінің кафедра шешіміне, ғылыми жетекшісінің пікіріне, рецензиясына сәйкестігі;
- 8) магистрларды даярлауды одан әрі жетілдіру бойынша нақты ұсынымдар.

3.2.27 Білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған магистрант университет ректорының бұйрығымен оқудан шығарылып, бекітілген нысан бойынша білімі аяқталмаған азаматтарға берілетін анықтама беріледі.

3.2.28 Тиісті білім беру бағдарламаларын оқып бітірген магистратура бітірушілерінің тізімі олардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), мамандығы және білім беру ұйымының басшысы қол қойып, берілген дипломның нөмірі көрсетіле отырып, бітіру туралы бұйрық шыққан күннен кейін бір ай мерзім ішінде ҚР БҒМ ұсынылады.

#### **4 ЕРЕЖЕГЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ**

4.1 Осы ереже жойылғанға дейін қызмет етеді немесе жаңасымен ауыстырылады.

4.2 Осы ереже атауы өзгерген жағдайда қайта бекітіліп ауыстырылады.

4.3 Ережеге енгізілген өзгертулер негізгі мәтінімен бірге сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімінде сақталады.

#### **5 ЖАУАПКЕРШІЛІК**

Осы ереже талаптарының негізділігі мен мазмұнына Оқу-әдістемелік басқарма және ЖОО кейінгі білім беру бөлімі жауапты.

#### **КЕЛІСІЛДІ**

Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлім басшысы:

А.А. Алтыбаева

«Сырдария» университеті		УЕ-07-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	3-нұсқа
Қорытынды аттестаттау		30 беттің 10-беті

### Жазбалары:

1. Қорытынды аттестаттау комиссия төрағасы /төрайымының (магистратура) есебі УЕ-07-20 ФР-01 (қосымша 1)
2. Қорытынды аттестаттау комиссия төрағасы /төрайымының (бакавриат) есебі УЕ-07-20 ФР-02(қосымша 2)
3. «Магистр» дәрежесін беру туралы УЕ-07-20 ФР-03(қосымша 3)
4. «Бакалавр» академиялық дәрежесін беру туралы УЕ-07-20 ФР-04(қосымша 4)
5. Пән бойынша кешенді емтиханды тапсыру хаттамасы УЕ-07-20 ФР-05(қосымша 5)
6. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау хаттамасы УЕ-07-20 ФР-06(қосымша 6)
7. Магистрлік диссертацияны қорғау кестесі УЕ-07-20 ФР-07(қосымша 7)
8. Кешенді емтихан және диплом жұмыстарын қорғау кестесі УЕ-07-20 ФР-08(қосымша 8)
9. Кешенді емтихан ведомосы УЕ-07-20 ФР-09(қосымша 9)
10. Диплом жұмысын қорғау ведомосы УЕ-07-20 ФР-10(қосымша 10)
11. Апелляциялық комиссия мүшелерінің тізімі УЕ-07-20 ФР-11(қосымша 11)

### Қосымша 1. Қорытынды аттестаттау комиссия төрағасы /төрайымының (магистратура) есебі УЕ-07-20 ФР-01

#### «СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ

Бекітемін  
«Сырдария» университетінің  
ректоры, т.ғ.к., доцент  
\_\_\_\_\_ С.Д. Мамраимов  
\_\_\_\_\_ 201\_ жыл

шифры – «\_\_\_\_\_» білім беру бағдарламасы бойынша  
ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ КОМИССИЯ ТӨРАҒАСЫ /ТӨРАЙЫМЫНЫҢ  
(магистратура)

#### Е С Е Б І

201\_ -202\_оқу жылы

«\_\_\_\_\_»  
факультетінің кеңесінде қаралды  
№ \_\_\_ хаттама \_\_\_ \_\_\_ 201\_ жыл  
Кеңес төрағасы, (ғылыми дәрежесі мен атағы )

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(қолы)

(аты-жөні)

Жетісай, 202\_

«Сырдария» университеті		УЕ-07-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	3-нұсқа
Қорытынды аттестаттау		30 беттің 11-беті

**I. ЖОО –да осы білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлаудың деңгейі**

1-кесте

№	Білім беру бағдарламасы	ҚР МЖМБС	Σ	Кешенді емтихан

3-кесте

**Кешенді емтихан бағдарламасы**

№	Білім беру бағдарламасы	Пәндер	Бағдарлама дайындаған оқытушы

**II. Магистрлік диссертацияның орындалу сапасы**

**III. Магистрлік диссертация тақырыптарының қазіргі заманғы ғылымның техниканың, мәдениеттің жай-күйіне және өндіріс талабына сәйкестігі**

4-кесте

**Бітіруші курс магистранттардың магистрлік диссертация жұмысының тақырыптары**

№	Магистранттың аты-жөні	Магистрлік диссертация жұмысының тақырыбы
<b>шифры– білім беру бағдарламасы атауы</b>		

4- кесте

№	Бітіруші магистранттар саны	Сараптама комиссиясы мүшелерінің аты-жөні, ғылыми дәрежесі мен атағы

**IV. Білім алушылардың кешенді емтиханда анықталған білімдерінің сипаты, жекелеген пәндер бойынша мамандар даярлаудағы кемшіліктер**

**V. шифры - «\_\_\_\_\_» білім беру бағдарламасы бойынша кадрлар даярлаудың сапасын талдау**

**VI. ЖОО-да мамандар даярлауды одан әрі жетілдіру жөнінде нақты ұсыныстар:**

**Қорытынды аттестаттау комиссиясының төрағасы/төрайымы,**



«Сырдария» университеті		УЕ-07-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	3-нұсқа
Қорытынды аттестаттау		30 беттің 13-беті

7.3-кесте

**Күндізгі және сырттай оқыту түрлері бойынша мамандар даярлаудың сапалық көрсеткішінің салыстырмалы талдауы**

Көрсеткіштер	Күндізгі	Сырттай	Барлығы
Сапа			
Үлгерім			
Үздік диплом алғандар			

7.4-кесте

**Бітірушілердің салыстырмалы талдауы**

Көрсеткіштер	Алдыңғы кезең (201_-201_ оқу жылы)	Есеп беру кезең (201_-202_ оқу жылы)
Сапа %		
Үлгерім %		
Орташа балл %		

«Сырдария» университеті		УЕ-07-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	3-нұсқа
Қорытынды аттестаттау		30 беттің 14-беті

**ҚОСЫМША**

**201\_-202\_ оқу жылындағы шифры- «-----» білім беру бағдарламасын бітіріп,  
диплом алған магистрлердің тізімі**

№	Аты-жөні, тегі	Диплом №
Тобы		
1		

«Сырдария» университетінің

ректоры, т.ғ.к., доцент

\_\_\_\_\_ С.Д. Мамраимов

**Қосымша 2. Қорытынды аттестаттау комиссия төрағасы/төрайымының (бакалавр) есебі  
УЕ-07-20 ФР-02**

**«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ**

Бекітемін

«Сырдария» университетінің  
ректоры, т.ғ.к., доцент

\_\_\_\_\_ С.Д. Мамраимов

\_\_\_\_\_ 202\_ жыл

шифры– « \_\_\_\_\_ » білім беру бағдарламасы бойынша  
**ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ КОМИССИЯ ТӨРАҒАСЫ/ТӨРАЙЫМЫНЫҢ (Бакалавр)**

**Е С Е Б І**

201\_ -202\_ оқу жылы

« \_\_\_\_\_ »

факультетінің кеңесінде қаралды

№ \_\_\_ хаттама \_\_\_\_\_ 202\_ жыл

Кеңес төрағасы, ғылыми дәрежесі

\_\_\_\_\_ аты-жөні

Жетісай, 202\_

«Сырдария» университеті		УЕ-07-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	3-нұсқа
Қорытынды аттестаттау		30 беттің 15-беті

**I. ЖОО –да осы білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлаудың деңгейі**

**1-кесте**

№	Білім беру бағдарламасы	ҚР МЖМБС	∑	Кешенді емтихандар

**2-кесте**

№	Білім беру бағдарламасы	Кешенді емтихандар

**3-кесте**

**Кешенді емтихан бағдарламалары**

№	Білім беру бағдарламасы	Пәндер	Бағдарлама дайындаған оқытушы
1			

**II. Диплом жұмыстарының (жобаларының) орындалу сапасы**

**III. Диплом жұмысы (жобасы) тақырыптарының қазіргі заманғы ғылымның техниканың, мәдениеттің жай-күйіне және өндіріс талабына сәйкестігі**

**4-кесте**

**Бітіруші курс студенттерінің диплом жұмыстарының тақырыптары**

№	Студенттің аты-жөні	Диплом жұмысының тақырыбы
шифры – білім беру бағдарламасы атауы		

**IV. Білім алушылардың кешенді емтихандарда анықталған білімдерінің сипаты, жекелеген пәндер бойынша мамандар даярлаудағы кемшіліктер**

**V. 5B10200 - «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша кадрлар даярлаудың сапасын талдау**

**VI. ЖОО-да мамандар даярлауды одан әрі жетілдіру жөнінде нақты ұсыныстар:**

Қорытынды аттестаттау комиссиясының  
төрағасы/төрайымы













«Сырдария» университеті		УЕ-07-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	3-нұсқа
Қорытынды аттестаттау		30 беттің 21-беті

			А.4,0.95-100	А-3,67.90-94	В+.3,33.85-89	В. 3,0.80-84	В-.2,67.75-79	С+.2,33.70-74	С.2,0.65-69	С-.1,67.60-64	Д+.1,33.55-59	Д.1,0.50-54	Е.0. 0-49						
<b>Барлығы:</b>																			

7.2 – кесте

**201 -202 оқу жылдағы түлектердің қорытынды аттестаттаудың жалпы нәтижелері**

**оқу түрі:**

**Білім беру бағдарламасы:**

**ЖОО атауы:**

ҚА-ға жіберілгендердің саны	ҚА-ға келмегендердің саны	ҚА тапсырғандар	Соның ішінде				Қанағаттанарлықсыз баға алғандар	Орташа балл
			Тек өте жақсы	Тек өте жақсы мен жақсы	Аралас бағалар	Тек қанағаттанарлық		

7.3-кесте

**Күндізгі және сырттай оқыту түрлері бойынша мамандар даярлаудың сапалық көрсеткішінің салыстырмалы талдауы**

Көрсеткіштер	Күндізгі	Сырттай	Барлығы
Сапа			
Үлгерім			
Үздік диплом алғандар			

7.4-кесте

**Бітірушілердің салыстырмалы талдауы**

Көрсеткіштер	Алдыңғы кезең (201 -201 оқу жылы)	Есеп беру кезең (201 -201 оқу жылы)
Сапа %		
Үлгерім %		
Орташа балл %		

«Сырдария» университеті		УЕ-07-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	3-нұсқа
Қорытынды аттестаттау		30 беттің 22-беті

**ҚОСЫМША**

**201 -201 оқу жылындағы \_\_\_\_\_ білім беру бағдарламасын бітіріп, диплом алған студенттер тізімі**

№	Аты-жөні, тегі	Диплом №
	Тобы	

«Сырдария» университетінің  
ректоры, п.ғ.к., профессор

\_\_\_\_\_ С.С. Дайырбеков

**Қосымша 3. «Магистр» дәрежесін беру туралы УЕ-07-20 ФР-03**

**Қорытынды аттестаттау комиссиясының отырысы**

№ \_\_\_\_\_ хаттама

20 \_\_ жыл «\_\_» \_\_\_\_\_ сағ. \_\_\_\_\_ минуттан \_\_\_\_\_ сағ. \_\_\_\_\_ минутке дейін  
«магистр» дәрежесін беру туралы.

Төраға \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі)

Мүшелер: \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі)

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі)

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі)

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі)

Магистрант \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., білім беру бағдарлама)

(магистрлік диссертация (жоба), білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағасы, өткізу күні)

Магистрант магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғады деп танылсын.

\_\_\_\_\_ (білім беру бағдарламасының коды және атауы)

\_\_\_\_\_ білім беру бағдарламасы бойынша  
магистрант \_\_\_\_\_  
(тегі, аты-жөнінің бастапқы әріптері)

\_\_\_\_\_ «магистр» дәрежесі берілсін  
Комиссия мүшелерінің ерекше пікірлері \_\_\_\_\_

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы диплом берілсін

Төраға \_\_\_\_\_ (қолы)

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_ (қолдары)

Хатшы \_\_\_\_\_ (қолы)

«Сырдария» университеті		УЕ-07-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	3-нұсқа
Қорытынды аттестаттау		30 беттің 23-беті

#### Қосымша 4. «Бакалавр» академиялық дәрежесін беру туралы УЕ-07-20 ФР-04

### Қорытынды аттестаттау комиссиясы отырысының № \_\_\_\_ ХАТТАМАСЫ

201\_\_ \_\_ сағ. \_\_\_\_ минуттан \_\_\_\_ сағ. \_\_\_\_ минутқа дейін барлық кешенді емтихандарды тапсырған, дипломдық жұмысты (жобаны) қорғаған студентке біліктілігі мен (немесе) «Бакалавр» академиялық дәрежесін беру туралы.

#### Қатысқандар:

Төраға \_\_\_\_\_  
(аты-жөні, тегі)

Мүшелер \_\_\_\_\_  
(аты-жөні, тегі)

\_\_\_\_\_  
(аты-жөні, тегі)

\_\_\_\_\_  
(аты-жөні, тегі)

\_\_\_\_\_  
(аты-жөні, тегі)

Студент \_\_\_\_\_  
(аты-жөні, тегі, мамандығы)

Кешенді емтихандарды тапсырды және дипломдық жұмысты (жобаны) келесі бағамен қорғады:

(пән атауы, дипломдық жобаның (жұмыстың) түрі, баға, тапсыру күні)

Білім беру бағдарламасы бойынша оқу жоспарындағы барлық кешенді емтихандар мен бітіру жұмысын қорғады.

\_\_\_\_\_ біліктілігі мен (немесе) «бакалавр» академиялық дәрежесін тағайындау

\_\_\_\_\_ екенін ескеру керек.

«Сырдария» университеті		УЕ-07-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	3-нұсқа
Қорытынды аттестаттау		30 беттің 24-беті

Комиссия мүшелерінің ерекше пікірлері \_\_\_\_\_

Диплом беру (ерекше, ерекше емес).

**Төраға** \_\_\_\_\_ (қолы)

**Комиссия мүшелері** \_\_\_\_\_ (қолдары)

мүшелері \_\_\_\_\_ (қолдары)

мүшелері \_\_\_\_\_ (қолдары)

мүшелері \_\_\_\_\_ (қолдары)

**Хатшы** \_\_\_\_\_ (қолы)

**Қосымша 5. Пән бойынша кешенді емтиханды тапсыру хаттамасы УЕ-07-20 ФР-05**

**Қорытынды аттестаттау комиссиясы отырысының**

(әр білім алушыға толтырылады)

**№ \_\_\_\_ ХАТТАМАСЫ**

201 \_\_\_\_ \_\_ \_\_ сағ. \_\_\_\_ минуттан \_\_\_\_ сағ. \_\_\_\_ минутқа дейін

**Қатысқандар:** Қорытынды аттестаттау комиссиясының төрағасы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ білім беру бағдарламасы немесе пән бойынша кешенді емтиханды тапсыру туралы

Емтихан тапсырушы студент \_\_\_\_\_

Сұрақтар:(пән блоктары бойынша тестілеу нәтижелері)

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_



«Сырдария» университеті		УЕ-07-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	3-нұсқа
Қорытынды аттестаттау		30 беттің 25-беті

1. Студент \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

3. Қорытынды аттестаттау комиссиясы мүшелерінің ерекше пікірлері \_\_\_\_\_

Төраға \_\_\_\_\_ (қолы)  
 Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_ (қолдары)  
 мүшелері \_\_\_\_\_ (қолдары)  
 мүшелері \_\_\_\_\_ (қолдары)  
 мүшелері \_\_\_\_\_ (қолдары)  
 Хатшы \_\_\_\_\_ (қолы)

**Қосымша 6. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау хаттамасы УЕ-07-20 ФР-06**

**Қорытынды аттестаттау комиссиясы отырысының  
 № \_\_\_\_ ХАТТАМАСЫ**

201\_\_ \_\_ сағ. \_\_ минуттан \_\_ сағ. \_\_ минутқа дейін  
 Студент \_\_\_\_\_  
 (аты-жөні, тегі)

тақырыбында жазылған дипломдық жұмысының қаралуы бойынша \_\_\_\_\_

Қатысқандар:  
 Төраға \_\_\_\_\_  
 (аты-жөні, тегі)  
 Мүшелер \_\_\_\_\_  
 (аты-жөні, тегі)  
 \_\_\_\_\_  
 (аты-жөні, тегі)  
 \_\_\_\_\_  
 (аты-жөні, тегі)  
 \_\_\_\_\_  
 (аты-жөні, тегі)  
 \_\_\_\_\_  
 (аты-жөні, тегі)

«Сырдария» университеті		УЕ-07-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	3-нұсқа
Қорытынды аттестаттау		30 беттің 26-беті

Дипломдық жоба (жұмыс) \_\_\_\_\_ кеңесімен

(аты-жөні, тегі)

\_\_\_\_\_ басшылығы

мен орындалды

Қорытынды аттестаттау комиссиясында келесі мәліметтер қаралды:

1. дипломдық жұмыс (жоба) бойынша есептік-түсіндірме хат немесе дипломдық жұмыстың (жобаның) \_\_\_\_\_ бетте жазылған мәтіні;
2. Дипломдық жұмысқа (жобаға) арналған \_\_\_\_\_ беттегі сызбалар, таблицалар.
3. Дипломдық жобаның (жұмыстың) ғылыми жетекшісінің пікірі.
4. Дипломдық жобаға (жұмысқа) пікір.

Орындалған жұмысты хабарлағаннан кейін студентке \_\_\_\_\_ мин. ішінде келесі сұрақтар қойылды:

1. \_\_\_\_\_  
(сұрақ қоюшының аты-жөні және қойылған сұрағы)

2. \_\_\_\_\_  
(сұрақ қоюшының аты-жөні және қойылған сұрағы)

3. \_\_\_\_\_  
(сұрақ қоюшының аты-жөні және қойылған сұрағы)

Студенттің пікір мен қойылған сұрақтарға жауабының жалпы сипаттамасы

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау барысында студент \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ көрсетті.

Студент дипломдық жұмысты (жобаны) орындап, \_\_\_\_\_ бағамен қорғады деп есептеу.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікірлері \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

**Төраға** \_\_\_\_\_ (қолы)  
**Комиссия мүшелері** \_\_\_\_\_ (қолдары)  
мүшелері \_\_\_\_\_ (қолдары)

«Сырдария» университеті		УЕ-07-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	3-нұсқа
Қорытынды аттестаттау		30 беттің 27-беті

мүшелері \_\_\_\_\_ (қолдары)  
 мүшелері \_\_\_\_\_ (қолдары)  
 Хатшы \_\_\_\_\_ (қолы)

**Қосымша 7. Магистрлік диссертацияны қорғау кестесі УЕ-07-20 ФР-07**

Бекітемін  
 Ғылыми істер жөніндегі проректор

\_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

**Магистрлік диссертацияны қорғау кестесі**

№	Білім беру бағдарламасы	ҚАК құрамы	Қорғау күні	Уақыты	Аудитория

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы:

**Қосымша 8. Кешенді емтихан және диплом жұмыстарын қорғау кестесі УЕ-07-20 ФР-08**

**"Сырдария" университеті**  
**Кешенді емтихан және диплом жұмыстарын қорғау кестесі**  
**201\_201\_ оқу жылы**

Мамандық	Топ	Күн	Пән аттары	Ауд.	29.04.	30.04.

Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар  
 жөніндегі проректор:

"Дизайн және өнер" факультеті:

Оқу-әдістемелік басқарма басшысы:

"Жаратылыстану" факультеті:

"Филология және гуманитарлық білім"  
 факультеті:

Тіркеу офісінің басшысы:

"Дене тәрбиесі және спорт" факультеті:

«Сырдария» университеті		УЕ-07-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	3-нұсқа
Қорытынды аттестаттау		30 беттің 28-беті

**Қосымша 9. Кешенді емтихан ведомосы УЕ-07-20 ФР-09**

**"Сырдария" университеті**  
Кешенді емтихан ведомосы №

Факультет: \_\_\_\_\_ Курс \_\_\_\_\_  
Кафедра: \_\_\_\_\_ Топ \_\_\_\_\_  
Пән аты: \_\_\_\_\_ Өтілетін күні \_\_\_\_\_

№	Студенттің аты-жөні	Баға			
		%-дық	Әріптік	Балдық	Дәстүрлі
1					
2					

Төраға \_\_\_\_\_  
(қолы)

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_  
(қолы)

Хатшы \_\_\_\_\_  
(қолы)

**Қосымша 10. Диплом жұмысын (жобасын) қорғау ведомосы УЕ-07-20 ФР-10**

**"Сырдария" университеті**  
Диплом жұмысын (жобасын) қорғау ведомосы №

Факультет: \_\_\_\_\_ Курс \_\_\_\_\_  
Кафедра: \_\_\_\_\_ Топ \_\_\_\_\_  
Өтілетін күн \_\_\_\_\_

№	Студенттің аты-жөні	Баға			
		%-дық	Әріптік	Балдық	Дәстүрлі
1					
2					
3					

Төраға \_\_\_\_\_  
(қолы)

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_  
(қолы)

Хатшы \_\_\_\_\_

«Сырдария» университеті		УЕ-07-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	3-нұсқа
Қорытынды аттестаттау		30 беттің 29-беті

\_\_\_\_\_

(қолы)

**Қосымша 11. Апелляциялық комиссия мүшелерінің тізімі УЕ-07-20 ФР-11**

«-----» факультеті  
«-----» кафедрасы

Коды -«\_\_\_\_\_» білім беру бағдарламасы бойынша апелляциялық комиссия мүшелерінің тізімі

№	Кешенді емтихан	Апелляция құрамы

Кафедраның мәжілісінде талқыланған. Хаттама № \_\_\_\_\_ 201\_ жыл

Кафедра меңгерушісі, (ғылыми дәрежесі мен атағы) \_\_\_\_\_

(қолы) (аты-жөні)

